

Конкурсқа қатысатын тұлғалар үшін құжаттардың ТІЗІМІ

1. Конкурстық комиссия төрағасының атына өтініш;
2. Кадрларды есепке алу бойынша жеке парағы;
3. Өмірбаян;
4. Жеке куәлік көшірмесі
5. Жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;
6. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі, (соңғы үш жыл бойынша) және салыстыру үшін түпнұсқалары;
7. Ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі;
8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген, құжаттарды тапсыру күніне дейін 6 (алты) айдан аспайтын уақытта берілген № 075/е нысандағы медициналық анықтама – *конкурсқа алғаш рет қатысатын тұлғалар үшін*;
9. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;
10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 11304 тіркелген) (бұдан әрі – № 272 бұйрық) бекітілген "Наркологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмайтыны туралы наркологиялық ұйымның, құжаттарды тапсыру күніне дейін 1 (бір) жылдан аспайтын уақытта берілген анықтамасы;
11. № 272 бұйрықпен бекітілген "Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысушының тіркеуде тұрмайтыны туралы психоневрологиялық ұйымның, құжаттарды тапсыру күніне дейін 1 (бір) жылдан аспайтын уақытта берілген анықтамасы;
12. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің берген адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтері – *кафедра меңгерушісі және факультет/ЖМ деканының бос лауазымдарына орналасу конкурсына қатысатын тұлғалар үшін*;
13. Кафедраның / факультеттің/ЖМ /ғылыми бөлімнің ұсынысы (тиісті кафедраның / факультеттің /ЖМ / ғылыми бөлімнің отырысында қабылданған шешімнің қорытындысы бойынша);
14. Кафедраны дамыту бағдарламасы – *кафедра меңгерушісінің бос лауазымына орналасу конкурсына қатысатын тұлғалар үшін*;
15. Факультетті / ЖМ дамыту бағдарламасы – *факультет/ЖМ деканының бос лауазымына орналасу конкурсына қатысатын тұлғалар үшін*.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар және т.с.с.) бере алады.